

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 3 (2020)**  
**Павлодар**

# НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

## Филологическая серия

выходит 4 раза в год

---

## СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

## Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

---

## Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

## Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**Д. Ысқақұлы<sup>1</sup>, Ш. Сағатова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

**А. БАЙТҰРСЫНОВ АУДАРМАЛАРЫНЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ**

*Бұл мақалада алашшыл қазақ әдебиетінің классигі Ахмет Байтұрсыновтың аудармашылық өнерінің әлеуметтік қырлары қаратырылған. И. А. Крылов мысалдарының Абай аударған нұсқаларымен салыстыру жасалған. Абай аудармаларының негізгі сипаты эстетикалық басымдыққа ие болса, Ахмет Байтұрсынов аудармалары танымдық, моральдық сипатқа ие. Абай И. Крылов мысалдарының көркемдік жағына баса назар аударса, А. Байтұрсынов оның әлеуметтік тақырыптарды қозғаған шығармаларына көңіл бөледі. Осының негізінде Абай мен А. Байтұрсынов аудармаларының түпнұсқа мен аударма арасындағы дәлдік пен мазмұндық айырмашылықтарына талдау жасалған. Абай мен А. Байтұрсынов аудармаларына эстетикалық, моральдық, танымдық сипат тұрғысынан талданған.*

*Кілтті сөздер: мысалдар, аударма, аударманың әлеуметтік сипаты.*

**Кіріспе**

А. Байтұрсыновтың «Қырық мысалының» 1909 жылы Петербургте басылып шығуы ұлттық әдебиетімізбен бірге қазақтың саяси өміріндегі елеулі оқиғаға айналды [1]. М. Әуезовтің сөзімен айтатын болсақ, «қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» [2, 47 б.] болды.

В. А. Тихомирова мысалдарды «тілдік құрылымның әртүрлі деңгейінде вербалданатын нақты ұлттық-мәдени танымдар мен құндылықтарды іске асырудың белсенді ортасы» деп санайды [3, 12 б.].

Абай орыс мысалшысынан аударғанда негізінен эстетикалық принцип тұрғысынан келіп, оның тәрбиелік, ағартушылық жағына мән берсе, Ахмет мысалдардың моральдық, танымдық сипатын ескере отырып, оған саяси-

әлеуметтік жүк артқан; яғни қазақ қоғамында орын алып отырған әлеуметтік теңсіздікке қарсы шыққан. Абай И. А.Крыловтың көркемдігі кемел туындыларын көбірек аударса, Ахмет назарды әлеуметтік мән-мазмұнына бұрады; Абайдың аудармалары көбіне түпнұсқаға жақын немесе дәл келіп жатса, Ахметте көп жағдайда еркін; Абай көркемдік кестесін дәлірек беруге ұмтылыққыраса, Ахмет саяси-әлеуметтік салмағын баса түседі. Екі ақын аудармаларының мұндай қырлары олардың шығармашылық, идеялық бағыт-бағдарын айқын көрсетеді; Аудармалары арқылы Абай эстет ақын көрінсе, Ахмет күрескер ақын ретінде танылады.

**Зерттеудің нысаны:** А. Байтұрсынов аударған мысалдардың әлеуметтік сипаты.

**Зерттеудің пәні:** И. А. Крылов мысалдарының қазақ тіліне аударылған нұсқалары.

**Мақсаты:** Абай И. А.Крыловтан көбіне көркемдігі жоғары деген мысалдарын тандап, қазақшалағанда онымен өнер жарыстырғандай болады. Бұл тақырыпты сен осылай жырласаң, мен былай жырлар едім деп, өзінің мықтылығын көрсетеді. Ахмет аудармалардың көркемдігінен гөрі оның әлеуметтік жағына көбірек көңіл бөлген сияқты. Оның аударған мысалдарының сипаты да, оған жазған кіріспе өлеңі де осыны аңғартады. Ахмет көбіне саяси-әлеуметтік мәні бар, адам бойындағы кейбір келеңсіз кемшіліктерді аяусыз сынайтын мысалдарды аударған. Адам түзелмей, олардың арасындағы қарым-қатынастарда әділеттік орнамай, алдау-арбау, арамзалық, зұлымдық, озбырлық, бірін-бірі қанаушылық сияқты қауымды іштей ірітіп, жегідей жейтін жағымсыз құбылыстар құрымайынша, адамгершілік принциптері салтанат құрмайынша, қазақ оңбайды деп білген Ахмет қалам қуатын да осы жолға бағыттайды.

### **Міндеттері:**

И. А. Крылов мысалдарының Абай аударған және А. Байтұрсынов аударған нұсқаларына шолу жасау;

осы аудармаларды түпнұсқамен салыстыра отырып, дәлдік пен мазмұндық айырмашылықтарына талдау жасау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Абай аударған мысалдардан Ахмет жетеуін аударыпты. Олар: «Қарға мен түлкі», «Жарлы бай», «Ала қойлар», «Сорлы болған мұжық», «Бұлбұл мен есек», «Емен мен қамыс», «Өгіз бен бақа» [1].

«Бедный богач» И. А. Крыловта – 74 [4, 188 б.], оның аудармасы «Жарлы бай» Абайда – 97 [5], Ахметте – 104 жол [1, 34 б.]. И.А.Крылов мысалының қысқаша мазмұны төмендегідей. Жарлы өзінің лашығында жатып, мен бай болсам, сараң болмай, жұрттың бәріне жақсылық жасар едім деп қиялға кетеді. Бір кезде сиқыршы ма, сайтан ба, біреу кіріп келіп, «сен бай болғын

келсе, мына қалтаны ал; ішінен ақша алсаң қанша болса да шыға береді; бірақ қалтаны суға тастап, ақшаны барып жарат» деп, оны тастап кетеді. Жарлы күнімен, түнімен қалта ішінен ақша суырып, ертеңіне оны өзгенге тастаймын деп ойлайды. Ертеңіне ол ойынан айнып, тағы да бір күн алайын дейді. Дүниеге құныққаны сонша, жарлы күні-түні тамақтануға да уақыты жоқ, қалта ішінен ақшаны суыра береді, суыра береді. Күндер, апталар, айлар, жыл өтеді. Жарлының құр сұлдері қалады. Ең соңында әбден қалжыраған жарлы тоғызыншы миллионды есептеп жатқанда, қайтыс болады.

Абай осы мысалды негізінен дәл аударған. Азын-аулақ ерекшеліктері де жоқ емес. Мысалы, түпнұсқада жарлының лашығына кіріп келетін сиқыршы ма, сайтан ба, әйтеуір біреу болса, Абайда «жәдігәй ме, шайтан ба» әйтеуір бір адам кіріп келеді. И. А. Крыловта ой түйіні жоқ болса, Абай мысалдың соңынан

«Алтын қайда, сөз қайда?

Қу нәпсіден не пайда?» деген моральді ұсынады [5].

Ал Байтұрсынов болса, «Жарлы байда» түпнұсқадан еркін кеткен.

Ахметтің жарлысы – кәдімгі

«Аяқта етігі жоқ, баста бөрік,

Үстінде жыртық көйлек кір-кір, тозған» қазақтың сіңірі шыққан кедейі.

Ахметтің жарлысы мен бай болсам;

«Жылқымды, қымызымды, қойымменен

Жұмсар ем қонағыма, тойымменен.

Жұртымның жабықтырмай көңілін ашып,

Күнде той, күнде қызық ойынменен»-

– деп, нағыз қазақтарша, қазақы танымменен қиялға шомады [1, 34-б.].

Жарлы ойланып жатқанда «ақсақал ақ сәлделі таяқ қолда» «бір қарт» кіріп келеді. «Орнынан кедей тұрып сәлем берді.» Орысшасында кіріп келген біреу сәлемдеспей, бірден сөйлеп кетеді. Абайда да «бір адам» «келе сала сөйлейді.» Ахмет аудармасындағы кіріп келген ақсақалды кісіге жарлының орнынан тұрып сәлем беруі – қазақ үшін қалыпты жағдай. Бұл жерде автордың тағы бір аңғартып отырғаны – жарлы кедей болғанымен де оның адамгершілігі жоғары еді. Ол дүниенің соңына түсіп, қызығына батқан кезде бұрынғы адами ойларынан, қалпынан айрылып, аяғы өліммен бітеді.

И. А. Крыловтың «кошелек», «червонец» сөздерін Абай «дорба», «алтын» деп аударса, Ахмет «әмиян, шилан», «ділда» деп алған.

«Мінеки, – деді, – енді мен де баймын!

Байлар мен жұрттан асқан сайма-саймын.

Құдайым бермегенде жаттым ұйықтап;

Тұрғанда құдай беріп, неге ұйықтаймын?!

Шығарсам қазір алтын үй алатын,

Онан соң бір жүз мыңнан бие алатын,  
Көшкенде жүктерімді атқа артам ба,  
Тағы да алтын керек түйе алатын.  
Бір жақсы кең қонақ үй тағы керек,  
Келсе де қанша қонақ сия алатын.  
Ол үйге жібек көрпе, жастық, кілем-  
Болмайын қонақтардан ұялатын.  
Сияр мен мына алтын - қойға деді,  
Аналар қатын алсам тойға деді.  
Жұмсармын мұнан соңғы алтындарды  
Қаражат, киім-кешек бойға деді» [1, 35-б.] -

деген жолдардағы қазақ тұрмысымен тікелей байланысты сөз тіркестері түпнұсқада жоқ Крыловта тек үй, экипаж, саяжай, тіпті деревня сатып алсам деген жарлының арманы бар. Ал Ахмет өз кейіпкерін нағыз қазақша армандатқан. Әрбір қазақтың осылайша ойға берілуі нанымды. Иванның жарлысы ақша санаймын деп, ақырында шашы аппақ қудай болып, әбден арып-ашып сарғайып, тоғызыншы миллионда қайтыс болса, Ахметтің жарлысы да сақал шашы ағарып, арығаннан қу сүйегі қалып, ақылынан адасып, жынды болып, «оныншы миллионда санап жатып» «баяғы лашығында жан тапсырады».

А. Байтұрсынов та Абай сияқты мысалдың соңынан негізгі ұсынылған ой қорытындысын береді:

«Бір емес, толып жатыр осындай кеп,  
Бар болып жоқтың ісін істейтін көп.  
Малы көп, көңілі жарлы адамдарға  
Ат қойған қанша теріс жарлы бай деп?  
Жаман ғой жарлылық күй адамзатқа,  
Жақсы емес рақатсыз байлық-бақ та.  
Мал жиып бай болуды талап еткен,  
Жадына бұл кеңесті ұғып сақта!» [1, 36 б.]

«Бедный богач» мысалында И. Крыловтың айтпақ болғаны адамды басқаның бәрін қойып, дүние қушылықтың соңына түсіп кетудің ақыры жақсылыққа соқтырмайтынын ескерту болса, Абай «қу нәпсіден» сақ болуға шақырады. Ал Ахмет осы идеяларды дамыта отырып, өз ойларын үстеген. Дүниең бола тұрып, оны игілігіңе жаратудан жалтарма, өмірде малы көп болғанмен көңілі жарлы адамдар, яғни сараңдар кездеседі; адам болып өмір сүру үшін оған дүние керек, «рақатсыз байлық – бақ та» жақсы емес дегендей, өмірдегі байлықтың мәніне тереңдей түседі.

И. А. Крыловтың «Осел и соловейн» [4, 70 б.] Абай «Есек пен бұлбұл» деп аударыпты. Мысал И. Крыловта – 29 [4, 70 б.], Абайда - 28 [6, 57 б.],

Ахметте – 48 жол [1, 16 б.]. Азын-аулақ толықтыруларына қарамастан, Абай мен Иванның мысалдары бір-біріне негізінен сәйкес келеді. Түпнұсқада, Ахметте есек бірден бұлбұлды көріп, оған ән салшы деген өтінішін айтса, Абайдың есегі

«Тойған есек шөпті оттап маңайдағы  
Сонырқап жатқа кетті қай-қайдағы.  
Қаңғырып өлкені өрлеп келе жатып,  
Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы.» [6, 57-б.]

Бұл жерде Абайдың есегіні әбден тойып, «сонырқап», не істерін білмей келе жатқанда, бұлбұлға кездесіп, ән салуын сұрауы өте нанымды шыққан. Есектің сөзі түпнұсқада да, Абайда да, Ахметте де көлемі, айтары жағынан шамалас. Ал бұлбұлдың ән салуы орысшасында – 12, Абайда – 8, Ахметте – 12 жол. Әнді тыңдап болған соң, есектің бұлбұлға айтқан сөздері де шамалас. Орысшасындағы тауықты (петух) Абай «әтеш», Ахмет «тауықтың айғыры», «қораз» деп алған. Мысалдың орысшасындағы

«Услыша суд такой, мой бедный Соловей  
Вспорхнул и – полетел за тридевять полей» [4, 70 б.]

деп аяқталуын Абай

«Бұл сықылды сыншының сөзін естіп,  
Көз көрмеске бұлбұл да ұшып кетті» [6, 57 б.]

– деп, дәлме-дәл аударса, Ахмет

«Бұл сөзге жәбірленіп Бұлбұл қатты,  
Сөз тыңдап одан әрі тұра алмапты»

– деген екі жолды өз жанынан қосып

«Есекке сынатпасын құдайым деп,  
Пыр етіп ұшыпты да кетіп қапты» [1,16 б.]

– деп, негізінен дәл берген. Тек Абай «көз көрмеске» деп алған «тридевять полейді» қалдырып кеткен.

Негізгі ойын И. А. Крылов «Избави бог и нас от таких судей» [4, 70 б.] – деп түйіндесе, Абай:

«Демеймін мені мазақтасын,  
Я жақсын, я жақпасын.  
Сүйтсе де мұндай сыншыдан  
Құдайым бізді сақтасын»-

– деген бір шумақпен аяқтайды [6, 57 б.]. Ал Ахмет болса, қазақ оқырманына мысалдың тағылымын екі шумақпен ұғынықты күйде береді:

«Ал енді мұнда қандай ғибрат бар?  
Есектей іс атқарар көп адамдар.  
Сар жезден саф алтынды айырмайтын  
Дүниеде бар емес пе не надандар.

Есектей қалпы кейбір адамдардың,  
Көзі тар, көңілі соқыр жамандардың.  
Асылды жасықпенен танымайтын  
Сынынан сақта, алла, надандардың» [1, 17-б.].

Әрине, бұл жерде де ойды орысшасындағыдай бір-екі жолмен түйіндей салуына болатын еді, бірақ Ахмет аударманын түпнұсқаға сай келуінен гөрі, өзінің күпі киген қара қазағына түсініктірек болуын басты назарда ұстаған.

И. А. Крыловтың «Левь состаревшийся» [7, 182 б.] мысалын А. Байтұрсынов «Қартайған арыстан» деп аударыпты [1, 27 б.]. Орысшасы – 24, қазақшасы 48 жол, яғни аудармасы екі еседей көлемді.

Аң патшасы қартайып жатқанда, бұрын бетіне келе алмайтын Ат, Қасқыр, Өгіз аяғымен теуіп, тісімен тістеп, мүйізімен сүзіп, ақыларын алып жатады. Бір кезде есек те келіп, жанды жерінен теуіп, өшін алуға оңтайланады. Аудармада қартайғанда қорлық көріп жатқан Арыстанның монологына көңіл бөліңкіреп, 12 жолды құраса, ол түпнұсқада 5-ақ жол [1, 27 б.]. Орысшасының соңында мораль жоқ. Қазақшасында үш шумақ ой түйіні бар.

«Қартайған Арыстанды» дәл аудармаға жатқызуға болады; тек Арыстанның 12 жолдық монологі мен соңындағы тағы да 12 жолдық ой қорытындысы көлемін көбейтіңкіреп тұр. Соңғы ой түйініндегі

«Ерлер бар заманында дәурен сүрген,  
Душпанын ерегіскен жалғыз бүрген.»  
«Басыңнан бақыт күні ұшқан күні  
Құл-құтан басынады малайың да»-

– деген сияқты тіркестер көркемдігі де, айтар ойы да қазақилығымен ерекшеленеді [1, 28 б.]. Осы сияқты мақал-мәтелге сұранып тұрғандай сәтті тіркестер А.Байтұрсыновтың мысалдарында жиі кездеседі.

«Адамдар құр даурықпас ақылы мол» («Екі бөшке») [1, 44 б.].

«Істеген ынтымақсыз ісің оңбас» («Аққу, шортан һәм шаян») [1, 5 б.].

«Шығар ма тасқа егін еккенменен?» («Маймыл») [1, 8 б.].

«Күнәсі күндегеннің жаман қатты» (Өгіз бен бақа») [1, 10 б.].

«Опа жоқ құр айласыз мықтылықтан» («Емен мен қамыс») [1, 11 б.].

«Кісіге таза жолдас табу қиын,

Көбін-ақ дос етеді мал мен бұйым» («Арыстан, киік һәм түлкі») [1, 19 б.].

«Қас болған жақынымен ақырда оңбас» («Ағаш») [1, 25 б.].

«Өнерсіз қара күште жоқ қасиет» («Кісі мен арыстан») 1, 38 б.].

«Залымдар айран ішіп, аман кетіп,

Момындар тұтылып жүр шелек жалап» («Аңдарға келген індет») [1, 45 б.].

«Бұлттай жерге жаумай, суға жауған» («Қара бұлт») [1, 49 б.].

Иттерге таласса да жарасады» («Иттің достығы») [1, 50 б.].



«Адам аз алдын болжап анық білер» («Ала қойлар») [1, 55 б.].  
«Ұрлығын ұры қоймас түлкідей-ақ» («Түлкі мен қарашекпен») [1, 58 б.].  
«Күнәлі біреу ойдан, біреу тілден» («Қарашекпен мен қой») [1, 60 б.].  
«Жақсыны жақсы деген мақтау емес,  
Жаманды жаман десең, болмайды өсек» («Есек пен үкі») [1, 62 б.].  
«Қалпынан есек асып ат болмайды» («Есек пен үкі») [1, 62 б.].

А.Байтұрсынов мысалдарын көбіне қарапайым халықтың кәдесіне жарату мақсатымен ауызекі сөйлесуде көп қолданылатын сөздерді, тіркестерді жиі қолданады:

«Семірді Түлкі тұлыптай боп» («Түлкі мен Қарашекпен») [1, 58 б.].  
«Бастан құлақ садаға» («Қасқыр мен Тырна») [1, 13-б.].  
«Не қара басты, қара басқыр» («Шымшық пен көгершін») [1, 6 б.].  
«Шекірейіп жан біткенге патшамын деп,  
Мақтанып жүруші едің судай тасып» («Кісі мен арыстан») [1, 38 б.].  
«Сидіған жаман киік өтіп кетті...» («Арыстан, киік һәм түлкі») [1, 19 б.].  
«Тырайып қалды» («Малшы мен маса») [1, 70 б.].

Осындағы асты сызылған сөздер образдың табиғилығын арттырып, өмірге жақындатыңқырап тұрғаны рас. Сол сияқты халықтың сөйлеу мәнерін де тиісті жерінде орынды қолданып отырған.

«Уа!» – деп Қасқыр сонда көзін ашты» («Қасқыр мен Тырна») [1, 13 б.];  
«Уа!» – деді, – көретін де күн бар екен» («Қарға мен түлкі») [1, 21 б.];  
«Е, жұртым! Нәпсімізді тыя алмадық» («Аңдарға келген індет») [1, 45 б.];  
«Ау, жаным, – Қыдыр айтты, – енді жетер» («Қайыршы мен Қыдыр») [1, 64 б.];

«Қазағым, сал құлағың нақылыма» («Өзен мен Қарасу») [1, 68 б.];  
«Құдайым, жолдас қылма жамандарға» (Шал мен Жұмыскер») [1, 33 б.].

Осындағы «уа!», «е, жұртым», «ау, жаным», «қазағым», «Құдайым» секілді қаратпа сөздер біріншіден, оқырман назарын өзіне аударса, екіншіден, оған эмоциянальды, экспрессивті сипат дарытып тұр, үшіншіден, қазақтың шешендік өнеріндегі дәстүрлі тәсілді тиімді пайдаланып, мәтіннің қарапайымдылығын, табиғилығын, ұғынықтылығын арттыра түскен.

Ахмет қазақтың мақал-мәтелдерін, тұрақты сөз тіркестерін орынды жерінде тиімді пайдаланып отырады. Бұларды көбіне мысалдың ой түйінін берерде, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, ретінде пайдаланады. Мысалы;

«Өлің білмес, әлек» («өгіз мен Бақа») [1, 10 б.];  
«Ұялған тек тұрмайды» («Сары шымшық») [1, 57 б.];  
«Не ексең, соны орасың» («Қасқыр мен Мысық») [1, 52 б.];  
«Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады» («Аңдарға келген індет») [1, 45 б.];  
«Сыйға сый» («Қасқыр мен Тырна») [1, 13 б.];

«Садаға бастан құлақ» («Қасқыр мен Тырна») [1, 13 б.];

«Алланың, адам басы, добы» («Шымшық пен көгершін») [1, 6 б.];

«Аузынды құрғақ қасық босқа қажар» («Сорлы болған мұжық») [1, 79 б.];

«Жазмыштан – озмыш озбас» («Шымшық пен көгершін») [1, 6 б.].

И. А. Крылов мысалдарын қазақ тіліне аудару барысын бағамдағанда, А. Байтұрсынов та орыс мысалшысының туындыларын аударғанда оның түпнұсқадағы формасы мен стилін сақтауды мақсат етпей, тек негізгі ойларын ғана алып, қажетті жерінде ары қарай дамыта түсіп, жаңа шығарма жазған. Сондықтан да Ахметтің қайсыбір мысалдарын аударма деп те, төл туынды деп те қарауға болады [8, 18 б.].

Қазақтың демократияшыл бағыттағы ақын-жазушылары әдебиеттің адам өміріндегі аса маңызды ролін ескере отырып, дәуір талабына сай оны насихаттық мақсатқа, тәрбие құралына айналдыра білген. Сауаты ашылмаған, ұлттық сана-сезімі әлі толық қалыптаспаған, әлеуметтік экономикалық жағынан кенже қалып, мүлгіп жатқан халқын оятуға әдебиеттің құдірет күшін барынша пайдаланды. Ыбырай, Абайдың білім-ғылымға, өнерге, еңбек етуге, жаман қылықтардан арылуға шақырған шығармалары әдебиеттің тамаша үлгілері болып табылады. XX ғасыр басындағы ағартушы демократ қаламгерлер де халықтың сана-сезімін оятып, демократиялық даму жолына түсіруде әдебиет аса тиімді күрес майданына айналды.

А. Байтұрсынов шығармашылығының өзіне тән сыпаттарының бірі ретінде оның публицистикалық қасиетін атап айтар едік. Бұл әсіресе оның мысалдарынан анық көрінеді. Ол орыс мысалшысы И. А. Крыловтың мысалдарын қазақша сөйлеткенде осы дәуір талабын, әлеуметтік мәселені бірінші орынға қойып, оның оқырманға берер тағылымдық, тәрбиелік жағын көздеп отырды. Сонықтан да «Қырық мысалдың» шығуы кезінде үлкен әдеби оқиға болумен бірге саяси-әлеуметтік өмірде де жаңа сөз ретінде қабылданып, ұлттық сана-сезімнің оянуына тарихи еңбек сіңірді. Сондықтан да А. Байтұрсыновтың аудармаларында кездесетін публицистикалық элементтерді оның кемшілігі деп емес, тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты туындаған өзіндік ерекшеліктері деп қараған жөн. Сонымен бірге әдебиеттің дәуір үнімен үндесіп жатуы оның өміршендігінің бірден-бір белгісі дейтін болсақ, А. Байтұрсынов аудармаларының еңсесін биікке көтеріп тұрған оның заманауилығы, қоғамдық өмірдің зәру мәселелерін батыл көтере білгендігі, бодан қазақтың сана-сезімін оятып, азаттық жолына үндеген жалынды насихаты екендігі де есте болған жөн. Ахметтің ұлылығы сол – ол бір күндік мәселені емес, халықтың ұлт болып ұйысуы, бақытты өмір сүруі үшін аса қажетті мәселелерді көтере білуінде. XX ғасырдың басында атойлап Ахметтер көтерген әлеуметтік-мәдени мәселелер күні бүгін де, арада ғасыр өткеніне қарамастан, яғни XXI ғасырда да өз зәрулігін жойған

жоқ. Демек, ұлттың – ұлт болып қала беруі үшін аса маңызды мәселелерді көтеріп, халқының асыл мұрасын байытқан, Абай сияқты, Ахмет жырлары да бүгін де, ертеңде еліміздің өркендей беруіне қызмет ете беретін болады.

А. Байтұрсынов мысалдарының басты ерекшелігі онда көтерілген мәселелердің әлеуметтік мәнінің күштілігінде жатыр. Ахмет И. А. Крылов мысалдарын аударуға әлеуметтік тұрғыдан келіп, өз идеяларын халыққа жеткізуге тырысқан. Ол идеялар негізінен халықты адамгершілікке, азаттыққа, сол жолға күреске үндейтін озық ағартушылық-демократиялық бағытта көрінді.

Ахмет аудармаларының тағы бір ерекшелігі негізінен түпнұсқадағы мазмұнға сай келіп отырғанымен де көп жерлерінде өзінше еркін кететін тұстары да баршылық. Ахаң дәлме-дәл аударды дегеннің өзінде де қазақ оқырманының ерекшеліктерін ескере отырып, өзгертулер, толықтырулар жасап отырады. Яғни, қаламгерді сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени жағдайы мәжбүрлеген.

И. А. Крыловтың мысалдарында көбіне ой түйіндері берілмесе, Ахметте бірлі-жарым болмаса, барлығында дерлік, мәтінде суреттелетін оқиғадан туындайтын ой қорытындылары беріледі. Мұнысы кейде қысқа, кейде ұзақ. Осы ой түйіндерінде мысалдың негізгі идеясын ауызға шайнап бергендей, оқырманына түсінікті түрде, ашық жеткізеді. Кейде ол ойды ары қарай өрбітіп, тереңдете түседі, қазақтың қым-қуыт өмірінің өзекті мәселелерін көтереді. Мұндай жағдайда мысал аудармашының өзіндік ойларын оқырманға жеткізудің бір сатысы, ретінде қызықты формасы пайдаланылады, өзінше өрнек танытады. Кейбір ой қорытындылары ұзақ келіп, жеке тұрғанда да бас-аяғы бүтін моральдық тақырыпқа арналған өлең сияқты.

А. Байтұрсыновтың аудармалары негізінен 11-12 буынды қара өлең үлгісімен жазылған. Оларда ауыз әдебиетінің, әншілік дәстүрдің ырғағы, сипаты анық байқалып тұрады. Халықтық фольклордағы хайуанаттар жайлы ертегі-аңыздардағы таным-түсініктер аудармаларда тиімді пайдаланылған. Ауыз әдебиетіндегі сөз саптау, бейнелеу құралдары, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері Ахметте шебер пайдаланылған.

М. Әуезов Абайдың аудармалары жайлы айта келіп, мынадай тұжырым жасайды: «Бұнысы – аударма ғана емес, Европа, Шығыс әдебиеті тарихында көп ғасырлар бойы тәжірибеде болған сарын қосу сияқты бір жол. Алдыңғы ақын сезіміне, әңгімесіне, ой толғауына сүйсіне отырып, өз ішінде де соған үндес қоғамдық сыр шығарып, қосыла күңіреніп, қатар шабыттанып кетеді. Бұл түрдегі сезім ойларды өзгерте жырлауы әдейі істелетін, өзіндік тумаларда жақын болып шығады. Сондықтан бұл алуандас ақындық еңбегінің кейіпкерлерін құр аударма деп қарамай, Пушкин, Лермонтов, Байрон сарынымен жазылған шығармалар» [9, 4 б.]. М. Әуезовтің Абайдың аудармалары хақында айтқан осы пікірі А. Байтұрсынов аудармаларының

сипатына да дәл келеді. Біз осы пікірді сәл бұрып айтсақ, ол аударды деп жүрген мысалдардың көпшілігін аударма дегеннен гөрі И. А. Крыловтың сарынымен жазылған А.Байтұрсыновтың төл туындылары деп тану керек.

Орыс ақыны Жуковскийдің «аудармашы прозада құл да, поэзияда бәсекелес» [10, 51 б.] дегені бар. Абай И. А. Крыловты аударғанда барлық жағынан да оның шын бәсекелесі бола білді. Ал Ахмет болса, орыс мысалшысының туындыларын тәржімалағанда негізінен оның әлеуметтік мәніне мән беріп, оның ойларын ары қарай дамытып әкетіп, бәсекелестікті оның идеялық жағынан жасады.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынов орыс мысалшысы И. А. Крыловтың мысалдарын аударып отырып, кей жағдайларда сюжетін ғана пайдаланып, еркін жырлау арқылы сол кездегі қазақ қоғамында орын алған кемшіліктерді шебер көрсетіп, оларды ащы сынға алды; отар болып әлсіреп жатқан халқын аллегориялық кейіпкерлері азаттық үшін күреске шақырды; кең далада еркін өмір сүреген көшпелі елі жақсы білетін хайуанаттар өмірінен алынған мысалдар арқылы туған халқының сана-сезімін оятуға, сөйтіп әлеуметтік дамуға ықпал етуге тырысты. Ең бастысы Мұқағалидың

«Күпі киген қазақтың қара өлеңін

Шекпен жауып өзіне қайтарамын»

дегеніндей, И. А. Крыловтың орысша шүлдірлеген мысалдарын үстіне қазақтың қара шапанын, басына түлкі тымағын кигізіп, халқымыздың кеңбайтақ сахарасында қазақша сөйлетті; қазақ әдебиетіне жаңаша түр, жаңаша мазмұн, жаңаша ойлар әкеліп, қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңейтіп, рухани қазынасын байыта түсті.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

1 **Байтұрсынұлы, А.** Қырық мысал : Өлеңдер [Текст] // А. Байтұрсынұлы. – Алматы : Жазушы, 2001. – 120 б.

2 **Әуезов, М.** Әдебиет тарихы [Текст] // . – Алматы, 1991. – 240 б.

3 **Тихомирова, В. А.** Национально-специфическая характеристика интерпретаций традиционных басенных сюжетов (на материале русского, французского и английского языка) [Текст] // В. А. Тихомирова. – Диссертация на соискание ученой степени к.ф.н., специальность 10.02.19 (Теория языка). - Ярославль : Канцлер, 2007 – С.201.

4 **Крылов, И. А.** Басни, проза, пьесы, стихи [Текст] // И. А. Крылов. – Ленинград : Лениздат, 1970. – 415 б.

5 **Құнанбаев, А.** Өлеңдер мен аудармалар. Екінші кітап [Текст] // [Электронды ресурс]. – [https://kitap.kz/book/438/read#epubcfi\(/6/90\[id45\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/book/438/read#epubcfi(/6/90[id45]!/4/2/2/1:0) (қаралған күні – 12 қазан 2020 жыл)

6 **Крылов, И. А.** Мысалдар [Текст] // И. А. Крылов. – Алматы : Қазмемкөркемәдеббас., 1960. – 230 б.

7 **Крылов, И. А.** Басни [Текст] // И. А. Крылов. – Сочинения: в 2 т. М. : Библиотека «Огонек», 1969. – Т. 1. – С. 243.

8 **Тарақ, Ә.** Аударма әлемі [Текст] // . – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 243 б.

9 **Құнанбаев, А.** Өлеңдер [Текст] // Абай Құнанбаев : алғы сөзі М. Әуезовтікі. – Алматы : Жазушы, 1976. – 239 б.

10 **Жуковский, В. А.** Эстетика и критика [Текст] // Составление и примечание Ф. З. Кануновой, О. Б. Лебедевой и А.С. Янушкевича. – М. : Искусство, 1985. – С. 431.

### References

1 **Baitursynuly, A.** Quryq mysal : Óleńder [Forty examples : Poems [Text]. Ed. A. Baitursynov.]. – Almaty : Writer, 2001. – 120 p.

2 **Áýezov, M.** Ádebiet tarihy [Text] // . – Almaty, 1991. – 240 p.

3 **Tihomirova, V. A.** Natsionalno-spetsificheskaja harakteristika interpretatsii traditsionnyh basennyh sijjetov (na materiale rýsskogo, frantsýzskogo i anglijskogo jazyka) [Text] Ed. V. A. Tihomirova. – Dissertatsiia na soiskanie ýchenoi stepeni k.f.n., spetsialnost 10.02.19 (Teoriia jazyka). – Iaroslavl : Kantsler, 2007 – 201 p.

4 **Krylov, I. A.** Basni, proza, pesy, stih. [Fables, prose, plays, verses] [Text] Ed. IA Krylov – Leningrad : Lenizdat, 1970. – 415 p.

5 **Qunanbaev, A.** Óleńder men áydarmalar. Ekinshi kitap [Poems and translations. The second book] [Text] [Electronic resource]. – [https://kitap.kz/book/438/read#epubcfi\(/6/90\[id45\]/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/book/438/read#epubcfi(/6/90[id45]/4/2/2/1:0)) (Accessed October 12, 2020)

6 **Krylov, I. A.** Mysaldar. [Examples [Text] I.A. Krylov. – Almaty : Kazmemkorkemadepbas., 1960. – 230 p.

7. **Krylov, I. A.** Basni [Tekst]// I.A. Krylov. - Sochinenia: v 2 t. M.: Biblioteka «Ogonek», 1969. - T. 1. - 243 p.

8 **Taraq, Ä.** Áydarma álemi [Text]// . – Almaty : Qazaq ýniversiteti, 2007. – 243 p.

9 **Kunanbayev, A.** Óleńder [Poems] [Text] In Abay Kunanbayev : foreword by M. Auezov. – Almaty : Writer, 1976. – 239 p.

10 **Jýkovskii, V. A.** Estetika i kritika [Text]// Sostavlenie i primechanie F. Z. Kanýnovoí, O. B. Lebedevoi i A. S. Ianýshkevicha. – Moscow : Iskýstvo, 1985. – 431 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

*Д. Ысқақұлы<sup>1</sup>, Ш. Сағатова<sup>2</sup>*

**Социальный аспект переводов А. Байтурсынова**

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Республика Казахстан, г. Алматы:

<sup>2</sup>Казахский университет экономики, финансов и международной торговли,  
Республика Казахстан, г. Нур-Султан.  
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

*В данной статье исследуются социальные аспекты переводческого искусства классика казахской литературы Ахмета Байтурсынова. Произведено сравнение басен И. А. Крылова и переводов А. Кунанбаева и А. Байтурсынова. Если главной особенностью переводов Абая является эстетическая наполняемость басен, то переводы Ахмета Байтурсынова отображают социально-дидактическую составляющую басен. Абай уделяет особое внимание художественной стороне басен И. Крылова. А. Байтурсынов выделяет их по социальной тематике. Также был сделан анализ различия и точности в содержании оригинала и переводов Абая и А. Байтурсынова. Переводы Байтурсынова анализируются с точки зрения эстетического, нравственного и познавательного характера.*

*Ключевые слова: басни, перевод, социальные аспекты перевода.*

*D. Yskakuly<sup>1</sup>, Sh. Sagatova<sup>2</sup>*

### **Social aspect of A. Baitursynov's translations**

<sup>1</sup>al-Farabi Kazakh National University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Kazakh University of Economics, Finance and International Trade,  
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 18.09.20.

*This article examines the social aspects of the translation art of the classic of Kazakh literature Akhmet Baitursynov. A comparison of the fables of I. A. Krylov and translations by A. Kunanbaev and A. Baitursynov. If the main feature of Abai's translations is the aesthetic content of fables, then Akhmet Baitursynov's translations reflect the social and didactic component of fables. Abai pays special attention to the artistic side of I. Krylov's fables. A. Baitursynov singles them out according to social topics. An analysis was also made of the difference and accuracy in the content of the original and the translations of Abai and A. Baitursynov. Baitursynov's translations are analyzed from the point of view of aesthetic, moral and cognitive nature.*

*Key words: fables, translation, social aspects of translation.*

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)